



«Нархоз университеті» КЕАК
Академиялық Кеңесінің
2022 ж. «27» 98
шешімімен (№27 хаттама)
«БЕКІТІЛГЕН»



**ФОРМАЛЬДЫ ЖӘНЕ ФОРМАЛЬДЫ ЕМЕС БІЛІМ БЕРУДІҢ
ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАҢУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Алматы, 2022

Құжаттың паспорты

Құжаттың атауы:	Формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану тәртібі туралы Ереже
Қысқаша сипаттамасы:	Ереже ұйымдық-әдістемелік нормалар мен пәндерді қайта сынақтау бойынша ережелерді белгілейді.
Тақырыбы:	Ұйымдық- әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету
Статусы:	Қолданыстағы
Бекіту уақыты:	<u>27.08.</u> 2022 ж.
Іс-әрекеттің аяқталу уақыты:	Жаңасы қабылданғанша немесе ескісі жойылғанша
Аудит уақыты:	Қажеттілік туындаған жағдайда
Аудитке жауапты тарап:	Академиялық жұмыс жөніндегі вице-проректор

Келісу парағы:

Оқу ісі жөніндегі вице-проректор



Умирзаков С.Ы

Құқық және кадр жұмысы департаментінің директоры



Л. Бисенғали

Оқу-әдістемелік қызмет департаментінің директоры



Дальке Н.В.

Формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану тәртібі туралы
ереже

МАЗМҰНЫ

Құжаттың паспорты.....	2
Келісу парағы:	2
1. Қолданылу саласы	4
2. Нормативтік сілтемелер.....	4
3. Жауаптылық және өкілеттік.....	4
4. Глоссарий.....	4
5. Жалпы ережелер.....	5
6. Формальды білім беру жолымен алынған оқыту нәтижелерін тану процедурасы.....	6
7. Формальды емес білім беру жолымен алынған оқыту нәтижелерін тану процедурасы.....	7
8. Coursera, EdX, Udacity, Future Learn платформаларында пәндерді игеру қорытындылары бойынша алынған оқыту нәтижелерін тану тәртібі.....	9
9. IELTS/TOEFL сертификаты негізінде оқыту нәтижелерін тану тәртібі	9
10. ACCA, CIMA, CFA, CIA, CIM, CIPD, ICAEW, FRM GARP, ACAMS, ICSA, PMP, Bloomberg Market Concepts кәсіби сертификаттаудан өткенін растау негізінде оқыту нәтижелерін тану тәртібі.....	9
11. Назарбаев зияткерлік мектептерін немесе Халықаралық бакалавриатты бітірген талапкерлердің оқыту нәтижелерін тану тәртібі	10
12. Қорытынды ережелер	11
13. Қосымшалар	12

Формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану тәртібі туралы ереже

1. Қолданылу саласы

- 1.1. «Нархоз университеті» КЕАҚ-дағы формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану тәртібі туралы осы ереже (әрі қарай – Ереже) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес әзірленген.
- 1.2. Ереже «Нархоз университеті» КЕАҚ-дағы (әрі қарай – Университет) жоғары білім берудің барлық деңгейлерінде білім алушыларды формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану тәртібін реттейді және Ғылыми Кеңестің 2020 жылғы 27-қазандағы шешімі бойынша бекітілген №3 хаттама «Формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану туралы» ереженің орнына енгізіледі.

2. Нормативтік сілтемелер

- 2.1. Ереже Қазақстан Республикасының 27.07.2007 жылғы «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 12.10.2018 жылғы №563 бұйрығымен бекітілген Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процессін ұйымдастыру ережелері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 30.10.2018 жылғы №595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.07.2022ж. №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және Жоғары оқудан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 04.10.2018ж. №537 бұйрығымен бекітілген Формальды емес білім беретін ұйымдарды тану және формальды емес білім беретін, танылған ұйымдардың тізбесін қалыптастыру ережелері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 28.09.2018ж. №508 бұйрығымен бекітілген Формальды емес білім беретін танылған ұйымдар тізбесіне енгізілген формальды емес білім беру арқылы ересектер алған оқу нәтижелерін тану тәртібі, Университеттің Академиялық саясаты.

3. Жауаптылық және өкілеттік

- 3.1. Осы Ереже «Нархоз университеті» КЕАҚ Академиялық Кеңесінің шешімімен бекітіледі.
- 3.2. Осы Ережені қолдану жөніндегі қызметті ұйымдастыру мен үйлестіруге және түпкілікті нәтижелердің сапасына Академиялық қызмет жөніндегі вице-проректор, Жоғары мектептердің директорлары, ғылыми-білім беру департаменттерінің және Университет құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері жауапты болады.
- 3.3. Ереже Университетте жоғары және ЖОО-дан кейінгі білім берудің барлық деңгейлері мен білім беру бағдарламаларында білім алушыларды формальды және формальды емес оқытудың нәтижелерін тану тәртібін реттейді.
- 3.4. Осы Ереже Университеттің ішкі қызметінде пайдаланылады.

4. Глоссарий

Осы Ережеде келесідей ұғымдар қолданылады:

- 4.1. **Формальды білім беру**, бұл – білім алу процесі ұйымдастырылған және иерархиялық тұрғыдан реттелген контексте өтетін, мемлекеттік үлгідегі бланк, яғни бастауыш/орта кәсіптік немесе жоғары білім туралы диплом я болмаса мектепті бітіргені туралы аттестат берумен аяқталатын білім түрі. Осы процесс, негізінен, формальды, тіркелген ұйымдар ұйымдастыратын мемлекеттік оқу бағдарламасы мен

Формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану тәртібі туралы ереже

мемлекеттік білім беру стандарттарына негізделген әр түрлі бағдарламалар бойынша белгіленген ұзақтыққа ие.

- 4.2. **Формальды емес білім беру, бұл** – жаңа білім алу процесі көбінесе мамандандырылған білім беру кеңістігінен тыс болатын білім беру түрі, сонымен бір мезгілде ол нақты мақсаттар, әдістер мен әдістемелер, ең бастысы оқыту нәтижесіне ие. Білім беру немесе қоғамдық ұйымдар, әр түрлі клубтар мен үйірмелер, секциялар түрінде, оқытушы я болмаса жаттықтырушымен жекеше түрде жүргізілуі мүмкін және қосымша біліктіліктің арттырылғанын растайтын құжаттар, яғни *сертификат, біліктілікті арттыру дипломы, куәлік* берілетін түрлі тренингтер, курстар, семинарлар, дөңгелек үстелдер болып саналады.
- 4.3. **Оқыту нәтижелері, бұл** – құзыреттер мен қабілеттер түрінде көрініс тапқан және білім алушы/түлек білім беру бағдарламасының барлық немесе бір бөлігін аяқтағаннан кейін не істей алатынын сипаттайтын білім алушылар мен түлектердің күтілетін және өлшенетін нақты жетістіктері. Білім беру және/немесе кәсіптік біліктіліктер тағайындау үшін қажетті құзыреттіліктер мен оқыту нәтижелеріне тек формальды ғана емес, сонымен бірге формальды емес те білім беру жүйесінде де қол жеткізілуі және алынуы мүмкін.
- 4.4. **Оқыту нәтижелерін тану, бұл** – білім беру тәжірибесінің, білім мен құзыреттілік жиынтығының нәтижелерін рәсімдеу (формальдандыру) процесі.
- 4.5. **Оқу жетістіктері, бұл** – жұмыс немесе оқу іс-әрекетінің тиісті саласындағы фактілер, принциптер, теориялар және тәжірибелер жиынтығы бойынша анықталатын оқыту арқылы ақпаратты игеру нәтижесі.
- 4.6. **Алынған құзыреттер** білім алушылардың алған білімдері, түсініктері, біліктері мен дағдыларының динамикалық үйлесімі (комбинациясы) болып саналады. Олардың дамуы білім беру бағдарламаларының мақсаты болып есептеледі, әрі олар әр түрлі курстық бірліктерде қалыптасады және әр түрлі стадияларда бағаланады.

5. Жалпы ережелер

- 5.1. Осы Ереже Университеттің келесі білім алушыларына таралады:
 - жалпы орта, техникалық кәсіптік, арнаулы орта және жоғары кәсіптік білім базасында жоғары немесе жоғары оқу орнынан (ЖОО-дан) кейінгі білім алу үшін Университетке қабылданғандарға;
 - "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ және халықаралық бакалавриат түлектері жоғары мектепті бітіргені туралы аттестатқа қосымша негізінде ресми және курстарды аяқтағаны туралы сертификаттар негізінде бейресми білім беру шеңберінде;
 - бір білім беру ұйымынан екіншісіне, бір білім беру бағдарламасынан басқасына ауыстырылғандар үшін;
 - Университеттен шығарылғаннан кейін қайта қабылданған тұлғалар үшін;
 - оқуын жалғастыру үшін басқа жоғары оқу орындарынан Университетке қайта қабылданған тұлғалар үшін;
 - Университетте жүзеге асырылатын білім беру бағдарламалары шеңберінде формальды және формальды емес білім беру нәтижелерін растайтын тұлғалар үшін;
 - академиялық ұтқырлық шеңберінде білім алғандар үшін.
- 5.2. Білім алушылар оқытуды эдвайзермен алдын ала келісуге және жеке жұмыс жоспарларында (ЖЖЖ-да) оқыту түрлерін көрсетуге міндетті. Алынған білім (қайта сынақтау) нәтижелерін тану академиялық кезең (күзгі және көктемгі семестрлер немесе онкүндіктер, яки декадалар) басталған сәттен бастап бір айдан кешіктірілмей жүзеге асырылуға тиіс, бұл норма қосымша семестрлерде, оның ішінде жазғы семестрде қолданылмайды).

Формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану тәртібі туралы ереже

6. Формальды білім беру жолымен алынған оқыту нәтижелерін тану процедурасы

- 6.1. Оқу қызметін жүзеге асыру аясында Университетте толық оқыту мерзіміне ие әрбір білім беру бағдарламасының қолданыстағы оқу жоспары негізінде модульдік білім беру бағдарламалары әзірленді.
- 6.2. Білім беру бағдарламасының бірқатар пәндері алдыңғы формальды білім (техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары) дипломдарының, "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ түлектеріне ресми білім беру шеңберінде орта мектепті бітіргені туралы аттестатқа және оған берілетін қосымшаға немесе ресми білім беру (қайта даярлау курстары) сертификаттарына (қайта даярлау курстары) шеңберіндегі сертификаттарының негізінде танылуы мүмкін. Формальды білім беру нәтижелері MINOR, FREE шеңберіндегі білім беру бағдарламаларының қосымша модульдерін ескере отырып, оқу пәндерін қайта сынақтау рәсімін өткізумен расталады.
- 6.3. *Қайта сынақтау* – бұл алдыңғы техникалық, кәсіптік, арнаулы орта білім, жоғары кәсіби білім мен «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ААҚ-ның қосымша бағдарламаларынан өткен білім алушылардың бұрынғы оқу пәндерін, кәсіптік практика түрлерін, білім беру модульдерін, сондай-ақ олар бойынша алынған қорытынды бақылау нәтижелерін тану және оларды транскриптке көшіру.
- 6.4. Пәндерді қайта есептеуге арналған негізгі құжаттар техникалық, кәсіптік, арнаулы орта білім мен жоғары кәсіби білім беру ұйымдары және формальды білімді ұсынатын, танылған ұйымдардың тізбесіне енгізілген ұйымдар берген мемлекеттік үлгідегі құжаттар болып саналады, оларға жататындар:
 - оқуын аяқтамағандарға берілетін анықтама;
 - мемлекеттік үлгідегі диплом және оған қоса берілген қосымша;
 - аттестат және оған қоса берілген қосымша;
 - транскрипт (Университетке қайта қабылдану және ауысу кезінде).
- 6.5. Қорытынды бақылауы емтихан болып саналатын пәндер ғана қайта сынақтауға жатады. Қайта сынақтау оқу пәнінің атауы және оның мазмұны бірдей болған, сонымен қатар кредиттік оқыту технологиясы бойынша білім алған түлектер сағаттары мен кредиттерінің жалпы көлемі (кем дегенде 75%) және желілік (линейлік) форма бойынша білім алушы сағаттарының жалпы көлемі (кем дегенде 75%) сәйкес келген кезде жүргізіледі. Қайта сынақтау сабақ басталғанға дейін жүргізіледі. Алдыңғы білім туралы ұсынылған құжатта сағаттар көрсетілмеген жағдайда пәнді қайта сынақтау туралы шешім жеке қабылданады және бакалавриат пен магистратураның қолданыстағы білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне негізделеді.
- 6.6. Егер қайта сынақталатын пән бойынша мемлекеттік емтихан тапсырылса, онда растау құжатында көрсетілген пән бойынша қорытынды баға есептеледі. «Қазақстанның қазіргі заман тарихы», «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды қайта сынақтау кезінде аудиториялық сағаттар мен кредиттердің сәйкес келуі ғана емес, сондай-ақ бұрынғы дипломға сай («Қазақстан тарихы», «Қазақстан тарихы» пәні бойынша міндетті мемлекеттік емтиханды енгізу уақытына дейін берілген дипломдар үшін) жалпы білім беру циклінің пәндері бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыру да негіз болады. Аудиториялық сағаттардың немесе кредиттердің саны сәйкес келген жағдайда «Қазақстан тарихы» пәні бойынша қорытынды баға («Қазақстан тарихы» пәні бойынша міндетті мемлекеттік емтихан енгізілгенге дейін берілген дипломдар үшін) қайта есептеуге негіз болып есептеледі.
- 6.7. Элективті пәндер каталогындағы жалпы білім беру блогы мен пәндер тізімі бойынша пәндер оқу жүктемесінің көлемі сәйкес келген және олар білім беру бағдарламаларының бағытына сай болған жағдайда қайта сынақталуы мүмкін.

Формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану тәртібі туралы ереже

- 6.8. Университетте оқыту үшін енгізілген пәндер Университет Академиялық Кеңесінің шешімімен алдыңғы білім беру блогының бірдей немесе үлкен көлемдегі кредиттеріне (контактлік сағаттарына) ие, мазмұны негізінде шектес пәндер бойынша қайта сынақталуы мүмкін.
- 6.9. Білім алушы пәндерді қайта сынақтаудан немесе қайта аттестаттаудан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда ол бакалавриат пен магистратураның білім беру бағдарламаларында қарастырылған барлық пәндер бойынша ағымдық, аралық және қорытынды бақылаудың барлық түрлерін орындауы керек болады. Транскриптке білім алушы алған қорытынды баға қойылады.
- 6.10. Бакалавриат және магистратура білім беру бағдарламалары пәндерінен қайта сынақтаудан өткен білім алушылар тиісті пәнді қайта оқудан босатылады.
- 6.11. Формальды білім беру пәндерін қайта сынақтау үшін Университет Провостының бұйрығы бойынша комиссия құрылады. Комиссия құрамына академиялық жұмыс жөніндегі Вице-провост, Мектептердің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияларының өкілдері, Тіркеуші офисінің бастығы, Эдвайзер офисінің бастығы, Тіркеуші офисінің академиялық менеджері кіреді. Хатшының функцияларын Тіркеуші офисінің академиялық менеджері орындайды.
- 6.12. Комиссия білім алушының алдыңғы формальды білімі туралы құжаттары негізінде:
 - алдыңғы оқыту барысында студент оқыған оқу пәндерінің тізімін (олардың сағаттарының көлемі, бақылау формасы) даярлаудың тиісті бағыттары үшін бакалавриаттың және/немесе магистратураның білім беру бағдарламаларында қамтылған пәндер тізімімен салыстырады;
 - қайта сынақтау туралы шешім қабылдануы мүмкін пәндер тізімін анықтайды;
 - бакалавриаттың және/немесе магистратураның білім беру бағдарламасының пәндері бойынша әрбір білім алушы үшін қайта сынақтаудың салыстыру ведомосын жасайды, оған кейіннен тиісті шешімдер енгізіледі;
 - білім алушыны білім беру үдерісі басталғанға дейін қайта есепке алу және қайта аттестаттау шарттарымен таныстырады;
 - пән қайта есепке алу бойынша бағалаудың салыстыру ведомосы негізінде білім алушының транскриптіне енгізіледі.
- 6.13. Комиссияның шешімі хаттама түрінде рәсімделеді және оған Комиссияның төрағасы, мүшелері мен хатшысы қол қояды.

7. Формальды емес білім беру жолымен алынған оқыту нәтижелерін тану процедурасы

- 7.1. Формальды емес білім беру жолымен алынған оқыту нәтижелерін мойындау мамандықтың білім беру бағдарламасына / оқу жоспарына енетін білім беру компоненттері үшін рұхсат етіледі. Сонымен бір мезгілде нәтижелерді мойындау нақты білім беру бағдарламасының нақты оқу жоспарына сәйкес білім беру компонентін игеру көзделген семестрде өткізіледі. Білім беру компоненті келесі семестрдің басынан кешіктірілмей оқу жоспарының құрамдас бөлігі ретінде қайта есептелуі мүмкін.
- 7.2. *Білім беру компоненті* – ЖОО-лық компонент, яғни міндетті компонент немесе жалпыға міндетті пәндердің таңдау бойынша я болмаса базалық пәндер немесе білім беру бағдарламаларының бейіндік пәндері компоненттерінің оқу пәні.
- 7.3. Формальды емес білім беру жолымен алынған оқыту нәтижелерін тану тек ЖОО-лық компонент, яғни міндетті компонент пәндеріне ғана емес, сонымен қатар, дипломдық жобаны ескермегенде, таңдау бойынша білім беру компоненттеріне де таралады.
- 7.4. Білім беру компоненті тек толық көлемде ғана қайта сынақталуы мүмкін.

Формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану тәртібі туралы ереже

- 7.5. Университет нақты білім беру бағдарламасы бойынша жалпы сағат көлемінің 25%-нан аспайтын көлемдегі формальды емес білім беру жолымен алынған оқыту нәтижелерін тани алады, ал кәсіби сертификаттаудан өткендігін растайтын құжаттар ұсынған жағдайда кредиттердің үлкен көлемі мойындалуы мүмкін, бұл кезде шешімді Жоғары мектептің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы қабылдайды.
- 7.6. Формальды емес білім беру жолымен алынған оқыту нәтижелерін тану мынадай міндетті кезеңдерді қарастыруы тиіс:
- 7.6.1. Жоғары/Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушы Жоғары мектептің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасының атына осы Ереженің 1-қосымшасында белгіленген форма бойынша формальды емес білім беру жолымен алынған оқыту нәтижелерін мойындау туралы өтінішпен жүгінеді. Өтінішке формальды емес білім беру жолымен алынған оқыту нәтижелерінің тақырыбын, көлемі мен тізімін, сол сияқты бақылау нәтижелерін айқындайтын құжаттар (сертификаттар, куәліктер және т.б.) қоса беріледі.
- 7.6.2. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия ұсынылған құжаттарды қарастырады, олардың білім беру компонентінің бағдарламаларына сәйкестігі бойынша талдау жүргізеді, білім алушылармен әңгімелеседі және төмендегідей шешімдердің бірін қабылдайды:
- формальды емес оқыту барысында алынған нәтижелерді мойындамау (Ереженің 2-қосымшасы);
 - формальды емес оқыту барысында алынған нәтижелерді тану және оларды сәйкес білім беру компоненті бойынша қорытынды бақылаудың (емтиханның) нәтижесі ретінде есепке алу (Ереженің 3-қосымшасы);
 - қорытынды бақылау түрін (билет бойынша ауызша емтихан, билет бойынша жазбаша емтихан, компьютерлік тестілеу формасындағы емтихан, қағаз тасығыштағы жазбаша тестілеу формасындағы емтихан, аралас (комбинирленген) емтихан, жобалар, презентациялар мен кейстерді қорғау) білім беру компонентінің силлабусында көрсетілгендерге сәйкес тағайындау, оның нәтижелері негізінде оқыту нәтижелерін қайта есептеу туралы шешім қабылдануы мүмкін (Ереженің 4-қосымшасы).
- 7.6.3. Егер Комиссия қорытынды бақылауды (емтиханды) өткізу қажет деп санаса, онда білім алушы білім беру компонентінің бағдарламасы және емтиханға шығарылатын сұрақтар тізбесімен таныстырылады. Сонымен қатар студент бағалау критерийлері және нәтижелерге шағымдану ережелерімен таныстырылады.
- 7.6.4. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия білім алушыға әр пән бойынша қорытынды бақылауға дайындалу үшін 10 (он) жұмыс күніне, әрі өзі таңдаған тақырыпты/жеке тапсырма нұсқасын (бар болса) орындау үшін 20 (жиырма) жұмыс күніне дейінгі уақытты ұсынады. Дайындық мерзімі білім алушымен бірлесе отырып талқыланады. Дайындық жұмыстарын ескеру жолымен барлық қайта сынақтау процедурасы келесі академиялық кезеңнің басына дейін аяқталуы қажет.
- 7.6.5. Қорытынды бақылау нәтижелері бойынша Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия тиісті білім беру компоненті бойынша бағаны 100 баллдық шкала бойынша, сандық эквивалентке ие әріптік жүйеде («А»-дан «D»-ға дейінгі қанағаттанарлық және «FX» пен «F» «қанағаттанарлықсыз») бағаларын қояды. Егер білім алушы 50-ден төмен балл жинаса, онда формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелері танылмайды.
- 7.6.6. Тану нәтижелері бойынша Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия формальды емес оқыту барысында алынған оқу нәтижелерін тану немесе танымау туралы шешімі мазмұндалған хаттаманы қалыптастырады (Ереженің 5-қосымшасы).
- 7.6.7. Білім беру компоненті қайта сынақталған жағдайда білім алушының құжаттарына (транскрипт және т.б.): пәннің атауы, сағаттар/кредиттердің жалпы саны,

Формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану тәртібі туралы ереже

қорытынды баға және қайта сынақтаудың негізі (ЖООК сертификаты, Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның мәжілісі хаттамасының нөмірі) енгізіледі. Студент алдағы академиялық кезеңдерде қайта сынақталған білім компонентін игеруден босатылады.

8. Coursera, EdX, Udacity, Future Learn платформаларында пәндерді игеру қорытындылары бойынша алынған оқыту нәтижелерін тану тәртібі

- 8.1. Coursera, EdX, Udacity, Future Learn платформаларында пәндерді игеру қорытындылары бойынша алынған оқу нәтижелерін тануды мектеп сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия мынадай шарттар сақталған кезде жүргізеді:
- білім алушы сертификатты ұсынғанда;
 - өтілген курс оқу нәтижелерінің қайта сынақталатын курстың оқу нәтижелеріне сәйкестігі;
 - қайта сынақталатын курс бойынша мамандарды тарта отырып, білім алушылармен әңгімелесу өткізу;
 - егер қайта сынақталатын курс бойынша бұрын «F – қанағаттанарлықсыз» бағасы алынған болса, қайта сынақтау жүргізілмейді;
 - оқытудың барлық кезеңіндегі 12 кредиттен артық емес пәндері ғана қайта сынақтауға жатады.

9. IELTS/TOEFL сертификаты негізінде оқыту нәтижелерін тану тәртібі

- 9.1. Білім алушылар мен талапкерлер алған оқу нәтижелерін тануды гуманитарлық мектептің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия кредиттерді танудың көрсетілген шарттары сақталған кезде сәйкестіктің мынадай кестесінің негізінде жүргізеді::

Сертификат	Нархоздың пәндері	Кредиттерді мойындау шарттары
IELTS 5,0 – 6,5	Шетел тілі	Пән бойынша 10 кредиттің нәтижелерін тану және қайта сынақтау
IELTS 7,0 – 9,0	Шетел тілі	Пән бойынша 20 кредиттің нәтижелерін тану және қайта сынақтау
TOEFL iBT 89-109 CBT 227-269 PBT 567-636	Шетел тілі	Пән бойынша 10 кредиттің нәтижелерін тану және қайта сынақтау
TOEFL iBT 110-120 CBT 227-269 PBT 567-636	Шетел тілі	Пән бойынша 20 кредиттің нәтижелерін тану және қайта сынақтау

10. ACCA, CIMA, CFA, CIA, CIM, CIPD, ICAEW, FRM GARP, ACAMS, ICSA, PMP, Bloomberg Market Concepts кәсіби сертификаттаудан өткенін растау негізінде оқыту нәтижелерін тану тәртібі

- 10.1. ACCA, CIMA, CFA, CIA, CIM, CIPD, ICAEW, FRM GARP, ACAMS, ICSA, PMP, Bloomberg Market Concepts кәсіби сертификаттаудан өткенін растау негізінде оқыту

Формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану тәртібі туралы ереже

нәтижелерін тануды мектеп сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия мынадай шарттар сақталған кезде жүргізеді:

- білім алушылардың соңғы екі жыл ішінде кәсіби сертификаттаудан өту емтиханын тапсырғанын растайтын сертификатты ұсынуы;
- кәсіби сертификаттаудан өту шеңберіндегі оқыту нәтижелері қайта оқытылатын курстың оқу нәтижелеріне сәйкес келеді;
- егер қайта сынақталатын курс бойынша бұрын «F – қанағаттанарлықсыз» бағасы алынған болса, қайта сынақтау жүргізілмейді;
- қайта сынақталатын кредиттердің санын Жоғары мектептердің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялары айқындайды, сонымен бір мезгілде, ерекше жағдайларда магистратураның білім беру бағдарламалары кредиттерінің 50%-ы келесідей кәсіби сертификаттардың, яғни CIMA, ACCA, CIA, PMI, HRCI, CFA, CIPD, FRM, ICAEW, CIM иегерлері үшін қайта сынақталуы мүмкін;
- магистратура білім беру бағдарламаларының 10 кредитіне дейін қайта сынақтау халықаралық кәсіби сертификаттау бойынша (CIMA, ACCA, CIA, PMI, HRCI, CFA, CIPD, FRM, ICAEW, CIM) аккредиттеу иеленген жоғары оқу орындарының түлектері үшін ұсынылады.

11. Назарбаев зияткерлік мектептерін немесе Халықаралық бакалавриатты бітірген талапкерлердің оқыту нәтижелерін тану тәртібі

11.1. Назарбаев зияткерлік мектептерін немесе Халықаралық бакалавриатты бітірген талапкерлердің оқыту нәтижелерін тану көрсетілген кредиттерді тану шарттары сақталған жағдайда келесі сәйкестік кестесінің негізінде жүргізіледі:

Цикл	НЗМ-нің пәндері	Университет пәндері	Кредиттерді мойындау шарттары
ЖББП	Ағылшын тілі	Шетел тілі	Пән бойынша 10 кредиттің нәтижелерін тану және қайта сынақтау
ЖББП	Қазақ (Орыс) тілі 1,2	Қазақ (Орыс) тілі	Мектептің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының кредиттер көлемін (5-10) тану және қайта сынақтау туралы шешімі
ЖББП	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Қазақстанның қазіргі заман тарихы/Қазақстан тарихы	Мемлекеттік емтиханды тапсырған жағдайда 5 кредитті қайта сынақтау және нәтижені тану. Емтиханды пәнді оқымай-ақ тапсыруға болады, қажет болған жағдайда ғана пәнді оқуға болады. Мемлекеттік емтиханда алған баға пән бойынша қорытынды бағаға теңдестіріледі.
ЖББП	Жаһандық перспективалар және жобалық жұмыс	Әлеуметтік-саяси білімдер модулі	Пән бойынша 8 кредиттің нәтижелерін тану және қайта сынақтау

Формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану тәртібі туралы ереже

ЖББП	Жаһандық перспективалар және жобалық жұмыс	Философия	Пән бойынша 5 кредиттің нәтижелерін тану және қайта сынақтау
ЖББП	Информатика	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Пән бойынша 5 кредиттің нәтижелерін тану және қайта сынақтау
ЖББП / БП	Математика	Қолданбалы математика негіздері/ Жоғары математика және ықтималдықтар теориясы	Мектептің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының кредиттер көлемін (5) тану және қайта сынақтау туралы шешімі
ЖББП / БП	Экономика	Экономикаға кіріспе / Макроэкономикаға кіріспе	Мектептің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының кредиттер көлемін (5) тану және қайта сынақтау туралы шешімі
БП	Ағылшын тілі	Шетел тілі	IELTS-тің кем дегенде 7,0 (10) сертификатын ұсынған жағдайда пән бойынша 10 кредиттің нәтижелерін тану және қайта сынақтау
ЖББП	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Пән бойынша 4 кредиттің нәтижелерін тану және қайта сынақтау *

* «Дене шынықтыру» пәні бойынша 8 кредиттің 4-уі (50%).

11.2. Назарбаев зияткерлік мектептерін немесе Халықаралық бакалавриатты бітірген талапкерлердің оқыту нәтижелерін танудың бекітілген тетігі (механизмі) ҰБТ/КТ-нің бейіндік пәндері тиісті білім беру бағдарламаларының топтарына сәйкес келген жағдайда ғана қолданылуы мүмкін.

12. Қорытынды ережелер

- 12.1. Ереже Университеттің Академиялық кеңесі бекітілген сәттен бастап күшіне енеді. Ережеге өзгерістер немесе толықтырулар Университеттің Академиялық кеңесі шешімі негізінде енгізіледі.
- 12.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер немесе толықтырулар енгізілген жағдайда Ереженің тиісті тармақтары өз күшін жояды және ол өзгерістер қолданысқа енгізіледі.

Өзірлегендер:



С.Ы. Умирзаков
Академиялық жұмыс жөніндегі
вице-проректор;



Н.В. Дальке
ОӘҚ Департаментінің директоры

Тексеру туралы белгі



Г.О. Абызова
ІЖЖМБ бастығы

13. Қосымшалар

1-қосымша

Өтініш

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның төрағасына

_____ (төрағаның аты-жөні)

_____ БББ

(білім беру бағдарламасының атауы)

_____ курсының студенті/магистранты

_____ аты-жөні

Ө Т І Н І Ш

Сізден менің

«_____»

пәні бойынша формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін қорытынды бақылау (емтихан) ретінде мойындауды өтінемін.

Оқытудың сәйкес нәтижелері алынғандығын растайтын келесі құжаттар (құжаттардың жеке куәландырылған көшірмелері) қоса беріледі:

_____ (Датасы)

_____ (Қолы)

Фрмальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану ережелерімен таныстым.

Формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану тәртібі туралы ереже

_____ (КОЛЫ)

2-қосымша
«Оқыту нәтижелерін танымау» хаттамасы

«НАРХОЗ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның
Формальды емес білім берудің нәтижелерін тану бойынша
« ____ » _____ 20 ____ жылғы мәжілісінің № ____ хаттамасы

Комиссияның құрамы:

Төраға: _____

Мүшелері: _____

Қарастырылды: Білім алушы _____

(аты-жөні)

формальды білім беру арқылы алған оқыту нәтижелерін тану туралы.

Комиссияның қарауына келесідей құжаттар ұсынылды:

- Білім алушы _____

(аты-жөні)

« _____ » білім беру бағдарламасының/оқу жоспарының білім беру компоненті бойынша формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін қорытынды бақылау (емтихан) ретінде тану жөніндегі өтініші.

- оқытудың нәтижелері алынғандығын растайтын құжаттар келесілер:

(Көрсету қажет: құжаттың атауы, нөмірі мен берілген күні, құжатты берген ұйымның атауы, сол ұйымның сайтына сілтеме, курстың атауы, курстың көлемі, қол жеткізілген нәтижелер және т.б.)

Комиссияның шешімі:

1. Білім алушы _____

(аты-жөні)

ұсынған, бейформалды білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін растайтын құжаттарды қарастыру нәтижелері бойынша олардың

« _____ » білім беру бағдарламасының/оқу жоспарының білім беру компоненті негізінде қалыптастырылатын құзіреттіліктерге **СӘЙКЕС КЕЛМЕЙТІНДІГІН** белгілейді.

2. « _____ » білім беру бағдарламасының білім беру компоненті бойынша формальды емес оқыту барысында қорытынды бақылау ретінде алынған нәтижелері **ТАНЫЛМАСЫН**.

Комиссияның төрағасы: _____

(аты-жөні. қолы)

Формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану тәртібі туралы ереже

Комиссияның хатшысы: _____
(аты-жөні, қолы)

Комиссияның шешімімен таныстым: _____
(Білім алушының аты-жөні, қолы, мерзімі)

3-қосымша
«Оқыту нәтижелерін мойындау» хаттамасы

«НАРХОЗ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның
Формальды емес білім берудің нәтижелерін тану бойынша
« ____ » _____ 20 ____ жылғы мәжілісінің № ____ хаттамасы

Комиссияның құрамы:

Төраға: _____

Мүшелері:

Қарастырылды: Білім алушы _____
(аты-жөні)

Формальды емес білім беру арқылы алған оқыту нәтижелерін тану туралы.

Комиссияның қарауына келесідей құжаттар ұсынылды:

- Білім алушы _____
(аты-жөні)

« _____ » білім беру бағдарламасының білім беру компоненті бойынша формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін қорытынды бақылау (емтихан) ретінде тану жөніндегі өтініші.
- оқытудың нәтижелері алынғандығын растайтын құжаттар келесілер: _____

(Көрсету қажет: құжаттың атауы, нөмірі мен берілген күні, құжатты берген ұйымның атауы, сол ұйымның сайтына сілтеме, курстың атауы, курстың көлемі, қол жеткізілген нәтижелер және т.б.).

Комиссияның шешімі:

1. Білім алушы _____
(аты-жөні)

ұсынған, формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін растайтын құжаттарды қарастыру нәтижелері бойынша олардың

« _____ » білім беру бағдарламасының білім беру компоненті негізінде қалыптастырылатын құзіреттіліктерге **ТОЛЫҚ СӘЙКЕСТІГІН** белгілейді.

2. « _____ » білім беру бағдарламасының/оқу жоспарының білім беру компоненті бойынша формальды емес оқыту барысында қорытынды бақылау ретінде алынған нәтижелері **ТАНЫЛСЫН.**

3. « _____ » **БАҒА** және _____ балл **ҚОЙЫЛСЫН.**

Комиссияның төрағасы: _____
(аты-жөні, қолы)

Формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану тәртібі туралы ереже

Комиссияның хатшысы: _____
(аты-жөні, қолы)

Комиссияның шешімімен таныстым: _____
(Білім алушының аты-жөні, қолы, мерзімі)

4-қосымша

«Қорытынды бақылауды емтихан түрінде тағайындау» хаттамасы

«НАРХОЗ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның
Формальды емес білім берудің нәтижелерін тану бойынша
« ____ » _____ 20 ____ жылғы мәжілісінің № ____ хаттамасы

Комиссияның құрамы:

Төраға: _____

Мүшелері:

Қарастырылды: Білім алушы _____
(аты-жөні)

Формальды емес білім беру арқылы алған оқыту нәтижелерін тану туралы.

Комиссияның қарауына келесідей құжаттар ұсынылды:

- Білім алушы _____
(аты-жөні)

« _____ » білім беру бағдарламасының білім беру компоненті бойынша формальды білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін қорытынды бақылау (емтихан) ретінде мойындау жөніндегі өтініші.

- оқытудың нәтижелері алынғандығын растайтын құжаттар келесілер:

(Көрсету қажет: құжаттың атауы, нөмірі мен берілген күні, құжатты берген ұйымның атауы, сол ұйымның сайтына сілтеме, курстың атауы, курстың көлемі, қол жеткізілген нәтижелер және т.б.).

Комиссияның шешімі:

1. Білім алушы _____
(аты-жөні)

ұсынған, формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін растайтын құжаттарды қарастыру нәтижелері бойынша олардың

« _____ » білім беру бағдарламасының білім беру компоненті негізінде қалыптастырылатын құзіреттіліктерге **ТОЛЫҚ СӘЙКЕСТІК ДӘРЕЖЕСІН** белгілейді.

2. « _____ » білім беру бағдарламасының/оқу жоспарының білім беру компоненті бойынша **ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ (ЕМТИХАН) ӨТКІЗУ** « _____ » формасында **ТАҒАЙЫНДАЛСЫН.**

Комиссияның төрағасы: _____
(аты-жөні, қолы)

Формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану тәртібі туралы ереже

Комиссияның хатшысы: _____
(аты-жөні. қолы)

Комиссияның шешімімен таныстым: _____
(Білім алушының аты-жөні. қолы, мерзімі)

5-қосымша

«Қорытынды бақылау нәтижелерін білім беру компоненті бойынша қорытынды баға ретінде тану» хаттамасы

«НАРХОЗ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның
формальды емес білім берудің нәтижелерін тану бойынша
« _____ » _____ 20 _____ жылғы мәжілісінің № _____ хаттамасы

Комиссияның құрамы:

Төраға: _____

Мүшелері: _____

Қарастырылды: Білім алушы

_____ (аты-жөні)

« _____ » білім беру бағдарламасының/оқу жоспарының білім беру компонентін формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тануға арналған қорытынды бақылау (емтихан) нәтижесі бойынша қайта сынақтау туралы.

Билеттің сұрағы және жауаптың бағасы:

1. _____
2. _____
3. _____

(Әрбір сұрақ бойынша билеттің сұрағы және жауаптың бағасын көрсету қажет)

Комиссияның шешімі:

1. Білім алушы _____
(аты-жөні)

жауаптарын талдау және жеке тапсырманың (бар болған жағдайда) орындалу нәтижелері бойынша қорытынды бақылау үшін « _____ » **БАҒА және _____ балл ҚОЙЫЛСЫН.**

2. Қорытынды бақылаудың (емтиханның) нәтижелері

« _____ » білім беру бағдарламасының/оқу жоспарының білім беру компоненті бойынша қорытынды баға ретінде **ТАНЫЛСЫН.**

Комиссияның төрағасы: _____
(аты-жөні. қолы)

Комиссияның хатшысы: _____
(аты-жөні. қолы)

Формальды және формальды емес білім берудің оқыту нәтижелерін тану тәртібі туралы ереже

Комиссияның шешімімен таныстым:

_____ (Білім алушының аты-жөні, қолы, мерзімі)